

М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебі



**2023-2024 оқу жылындағы аға тәлімгердің
талдау жұмысы**

Орындаған: Л.Қ.Қалмағамбетова

Ақтөбе 2023-2024

М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебі

2023-2024 оқу жылының талдау жұмысы

Қойылған мақсат, міндеттерінің орындауы. «Бірыңғай «Жас Ұлан Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы» 2011 жылы 6 шілдеде Нұр Отан Халықтық Демократиялық партияның 11 съезінде Республикалық қоғамдық бірлестігі негізінде құрылған ұйым. Мектептегі Жас Ұлан ұйымының 2023-2024 оқу жылында жұмыс жоспары жасалды. Жоспар өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыруды көздейтін іс-шаралар негізінде құрылды. Мектебіміздің 167 оқушысы, оның ішінде 85 оқушы «Жас Қыран», 82 оқушы «Жас Ұлан» ұйымында болды.

2023 жылдың 5-қыркүйек күні Қазақстан халықтарының тілдер мерекесі мен Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орай «Ұлттық рухтың ұлы тілі» атты онкүндігі өткізілді. Мақсаты: Алаштың көрнекті қайраткері, ағартушы-ғалым, ұлт ұстазы, әліппенің атасы, қоғам қайраткері, аудармашы, А.Байтұрсынұлы туралы кеңінен таныстыру. Өмір және еңбек жолын әңгімелеу, үлгі болар өнегесін жас ұрпаққа паш ету. Оқушыларды жылдамдыққа тәрбиелей отырып, сөйлеу қабілетін, мәдениетін, ой-өрісін дамыту. 4 сынып жетекшілері А.Утесинова мен Ұ.Ильясова «Ахмет Байтұрсынов - әліппенің алтын белдеуі» тақырыбында танымдық сағатын өткізді. Қазақ тілі бірлестігі «А.Байтұрсынов – қазақ халқының рухани көсемі» атты сахналық қойылым көрсетті. Ұлттың ұлы - ұстазы А.Байтұрсынұлының елге еткен еңбектері мен еріксіз елең еткізер өлеңдері оқылды. Орыс тілі, ағылшын бірлестіктері 6-7 сыныптар арасында лингвистикалық сайыс ұйымдастырды. Онкүндік аясында мектеп кітапханасында «Адамдық диханшысы» тақырыбында поэзия минуты болды. Мақсаты: А.Байтұрсынұлының құнды мұраларын дәріптеп, жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеу.



2023 жылдың қыркүйек айының 14-інде отбасы күніне орай «Менің бақытты отбасым» 2-4 сынып оқушылары арасында сурет көрмесі ұйымдастырылды. Мақсаты: көрмеге қойылған суреттерді тамашалау арқылы, оқушыларға отбасына деген сүйіспеншіліктерін арттыра отырып, татулыққа, достыққа тәрбиелеу. Оқушыларға өз жанұялары туралы әңгімелеуге үйрету, отбасындағы құндылықтарды дәріптеу. 5 «А», 5 «Ә» сыныптар арасында эстафеталық сайыс ұйымдастырылды. Шараны ұйымдастырған спорт – нұсқаушы Н.А.Қонысбай. Оқушыларды салауатты өмір салтынына бейімдей отырып, ата-ана мен мектептегі тығыз қарым-қатынаста болуға шақыру.



25 қыркүйекте «Жас Ұлан» балалар ұйымында Ұланбасына Үміткерлер арасында сайлау өтті. Мақсаты Ұланбасы сайлауы мектепте өткізіледі. Оқушылар арасында белсенді өмірлік ұстанымдарды қалыптастыру, сайлау заңнамасындағы құқықтық мәдениетті жетілдіру, оқушыларды әлеметтендіруге жағдай жасау.



Сайлаудағы әділ дауыс беру мақсатында «Жас Ұлан» балалар ұйымының басшысы Ұланбасы болып Сұлтанова Гүлсая сайланды.



2023 жылдың 5-қазан күні «Ұстаз – мектептің жүрегі» атты мектебімізде мерекелік шара өткізілді. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді. Білім көшін жылжытып келе жатқан ұстаздар қауымына құрмет арта бермек! 1 «В», 3 «Б», 5 «Б», 6 «В», 7 «А», 9 «А» сынып оқушылары Ұстаздарды кәсіби мерекелерімен құттықтап, ақжарма тілектерін жолдады.



20- қазан Республика күні мерекесі қарсаңында «Қыран елім - Қазақстан!» атты патриоттық акциясы аясында Мемлекеттік Әнұранды орындау шарасы ұйымдастырылды.



25-қазан Республика күніне орай мектеп кітапханасында оқушыларды Отан сүйгіштікке тәрбиелеу, туған ел тарихын, мәдениетін жан-жақты таныстыру мақсатында «Менің елім-Қазақстан» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылып, оқушыларға еліміздің тарихы, мәдениеті, Тәуелсіздік жылдарында жеткен жетістіктері туралы жарияланған кітаптар мен баспасөз материалдары таныстырылды. Мектеп кітапханасы қорына жаңадан келген Алматы кітап баспасынан Э.Баталованың жетекшілігімен шыққан «Менің Отаным – Қазақстан» кітабына шолу жасалды. 2 «А», 4 «Б» сыныптарында тәрбие сағаттары өткізілді. Мақсаты: оқушыларды туған жерін, елін, халқын ардақтап өтуге үйрету. Бақытқа жетер даңғыл жолдың бірі – туған Отанды сүйуден басталатынын түсіндіру. Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту. Республика күніне орай Н.Қонысбай футболдан 7-8 сыныптар арасында жарыс ұйымдастырды. Сонымен қатар «Қыран елім – Қазақстаным» тақырыбында мерекелік концерт өткізілді.



23-қазан күні "Алтын күз" мерекесіне орай бастауыш сыныптар арасында "SABANTOY fest" фестивалі ұйымдастырылды. Оқушылар жеміс-жидектерден тігілген костюмдерін киіп, өнерлерін ортаға салды. Нәтижесінде Бас жүлдені 3"Б" сыныбы "Аскабақтар" тобы иеленді. Барша атсалысқан ата-аналар, оқушылар, сынып жетекшілерге алғыс білдіреміз. Ел байлығын арттырған берекелі де мерекелі күз мерекесі құтты болсын! Сары алтындай сары күз себетке толы жемісін, камбаға толы егінін сыйласын



Сонымен қатар мектепішілік " Күзгі ретро бал " сайысы 5-7 сынып оқушылары арасында өткізілді. Байқау шарты бойынша қатысушылар

сахнада өздерін таныстырып, одан кейін күзгі дақылдардан қолөнер, экибаналарына жарнама жасай отырып, көпшілікке көрсетті. "Бас жүлдені" иеленген 7 сынып оқушылары Мамажонов Исламбек пен Марат Назерке иеленді.



17-қарашада мектебімізде құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында алаяқтыққа, есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл шараларын жүзеге асыру аясында 8-9 сынып оқушылары арасында синтетикалық есірткінің зияны мен нашакорлықтың зардаптары туралы, алаяқтыққа жол жоқ шаралары бойынша тәрбие сағаттары өткізілді. Мақсаты: оқушыларды зиянды әрекеттерден бойын аулақ ұстауға шақыру.



10-желтоқсанда Халықаралық әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықты жою күніне орай Қалалық Оқушылар сарайы - ЮНЕСКО клубы ұйымдастырған «Гендерлік зорлық – зомбылыққа қарсымыз» дөңгелек үстелге белсенділік танытып, қатысканы үшін Ұланбасы - Сұлтанова Гүлсая «Алғыс хатпен» марапатталды.



Ел Тәуелсіздігінің 32 жылдығына орай мектеп оқушылары "Елімнің бақытын тербеткен-Тәуелсіздік" тақырыбында мерекелік концерт өткізді.



Бастауыш сыныптар арасында өткен балалардың көптен күтетін мерекесі Жаңа жыл мерекесіне орыай өткізілген "Төрлет, жаңа жыл! " атты мерекелік кеш өтті. Мерекелік шарада өз өнерлерін көрсеткен оқушыларға аяз ата мен ақшақардан сыйлықтар табыс етіліп, түрлі әуендерге би де биленді. Кештің көңілді өтуіне барынша барлық сыныптар белсенділікпен атсалысты.




Сонымен қатар Жаңа жыл мерекесіне орай ұстаздар арасында да "Маска шоу" атты сайыс өткізілді. Ұстаздарымыз өз өнерлерін ортаға салып, бағалы сыйлықтармен марапатталды. Жаңа Жыл Сіздер үшін зор жетістіктерге қол жететін, ой - мақсаттар жүзеге асатын, арман - үміттер ақталатын Жыл болсын деген тілектеміз.



Қантар айында математикалық есептер шығару білім алушылардың есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамытуға, логикасын, зейінін жаттықтыруға ықпал етеді. Математикалық есептерді шешу білім алушыларды ойлануға, модельдеуге, болжауға және нақты мысалдарды дәлелдеуге негіз болады, бұл күнделікті өмірде ең қарапайым және күрделі мәселелерде оң шешім қабылдауына әсер етеді. «Қазақ есебі» челленджі ф-м.ғ.д., профессор ҚР ҰҒА академигі, ғалым-математик Жұмадилдаев шешуге арналады. Мақсаты: білім алушылардың креативті және сыни ойлауын дамытуға ықпал ету.



Мектебімізде 15-ақпан күні «Досболlike: достық қолын ұсын» акциясы ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушыларға досқа деген адалдық, сыйластық, қайырымдылықты түсіндіру.



Ақпан айында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 9 «А» сынып оқушылары І.Жансүгіровтың «Күй» поэмасын талқылады. Мақсаты: оқушылардың кітап оқуға деген құштарлығын ояту.



1-наурыз Алғыс айту күніне орай «Алғыс айту парызым» атты мерекелік концерт өтті. Мақсаты Алғыс айту күні – қысылтаяң шақта бар ауыртпашылықты бірге көтеріп, мемлекет басшысының жетекшілігімен Тәуелсіз Қазақстан құру жолында аянбай тер төккен ел азаматтарының бір-біріне құрмет көрсету күні.



6-наурыз күні «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында мектебіміздің «Жеңгелер мектебі» 8-наурыз Халықаралық әйелдер күні қарсаңында «Өнерлі қыз, өнегелі жеңге» атты сайыс ұйымдастырылды. Мақсаты: Қазақ қыздарына тән инабаттылыққа, имандылыққа, әдептілікке тәрбиелеу.






16-наурыз Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні. Мақсаты: Салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты білу, құрметтеу, келесі ұрпаққа жеткізу болып табылады.



Мектебімізде 22-наурыз Ұлыстың ұлы күні қарсаңында мерекелік шара атап өтілді. Мақсаты: Ұлттық дәстүріміз бойынша өтетін Наурыз мерекесінің ерекшелігін, табиғат пен адамның байланысын, салт-дәстүрін, өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыру. Қазақтың әдет-ғұрпын, тіліміз бен дінімізді құрметтеуге, имандылыққа тәрбиелеу.





Дүниежүзілік денсаулық күніне орай қыздар клубының мүшелері дәрігерлермен кездесу өткізді. Кездесу барысында Қарағалы қалалық ауруханасының дәрігер-гинекологы Құдайбергенова Набатхан Құдайбергенқызы және мектеп медбикесі Ибрагимова Оразгүл бірқатар сұрақтарға жауап беріп, маңызды мәселелерден хабардар етті.



Сәуір айында мектебімізде экологиялық акциясы бойынша «Құстарға ұя сыйла» атты оқушылардың өз қолдарынан құстарға ұя жасап сыйлады.



«Жасыл мекен» жобасы арқылы оқушылар ұстаздарыммен бірге мектеп ауласына көшеттер отырғызды.



1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «Бала – Бақыт, Бала – Шаттық, Бала – Нұр» іс шарасында Ұланбасы Сұлтанова Гүлсая облыстық басқарма басшысы Ж.Сұлтан Алғыс хатпен марапаттады.

